

Қазақстан Республикасында өнеркәсіптік мақсаттағы жарылғыш материалдардың өндірісін және оның айналымын мемлекеттік бақылауды күшейту жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2001 жылғы 27 қыркүйек N 1264

Өнеркәсіптік мақсаттағы жарылғыш материалдардың өндірісін және оның айналымын мемлекеттік бақылауды күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылатын бұйымдарды әзірлеу, өндіру және сату қызметінің лицензияланатын түріне қойылатын біліктілік талаптарын бір ай мерзімде әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізісін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігімен және "Өнеркәсіпжарылыс" жабық акционерлік қоғамымен (келісім бойынша) бірлесіп, өнеркәсіптік жарылғыш материалдарды өндіру, айналымы, пайдалану саласындағы проблемаларды шешуге және олармен Қазақстан Республикасының тұтынушы ұйымдарын қамтамасыз етуге бағытталған Тұжырымдама мен Бағдарламаны Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізісін.

3. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі өнеркәсіптік жарылғыш материалдарды өндіруді, дайындауды, сынауды, сақтауды және пайдалануды бақылау мен қадағалауды күшейтсін.

4 . < * >

Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.11.18. N 1220 қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігімен бірлесіп, жарылғыш материалдар айналымы саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде ұсыныстарын енгізісін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің*

бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК